

| | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі |  | Министерство культуры и спорта Республики Казахстан |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы | | Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства» |

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма төрайымы – Ректор

М.С. Мурзамәдиева
«13» _____ 2020г.



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАР ҮЙЛЕСТІРУШІСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

Е ХТжМУ _____
Басылым _____
Көшірме № _____

Түркістан, 2020

| | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі |  | Министерство культуры и спорта Республики Казахстан |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы | | Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства» |

Келісу парағы

Әзірленген:

Факультет деканы



Ж.А. Садыков

«23» 10. 2020 г.

Келісілді:

Оқу және ғылыми жұмыс жөніндегі Проректор



А.А. Ивашов

«23» 10. 2020 г.

Оқу үдерісінің сапасын бақылау бөлімінің бас маманы



А.П. Ермухамедова

«23» 10. 2020 г.

«Спорт және жалпы білім беру пәндері» кафедрасының меңгерушісі



Б.С. Омаров

«23» 10. 2020 г.

«Туризм және қонақжайлылық» кафедрасының меңгерушісі



Д.О. Аташева

«23» 10. 2020 г.

| | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі |  | Министерство культуры и спорта Республики Казахстан |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы | | Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства» |

1. Нормативтік сілтемелер

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;
- Жоғары оқу орындарында студенттердің үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары;
- Халықаралық туризм және меймандостық университетінің жарғысы.

2. Жалпы ережелер

2.1. Білім беру бағдарламасының үйлестірушісі (бұдан әрі – үйлестіруші) - бакалавриаттың білім беру бағдарламасы бойынша білім алушыларды даярлау сапасына, бағдарламаны әзірлеу, іске асыру, мониторингілеу және жетілдіру (дамыту), білім алушыларды білім беру бағдарламасына қабылдау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруге жауапты тұлға.

2.2. Үйлестіруші өз қызметінде: Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңын; Қазақстан Республикасының "Ғылым туралы" заңын; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін; жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын; оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын; жоғары оқу орындарында студенттердің үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын; халықаралық туризм және меймандостық университетінің Жарғысын басшылыққа алады.


2.3. ББ үйлестірушілері факультет деканының өкімімен тағайындалады. Үйлестірушілерді қайта тағайындау олардың қызметін бағалау нәтижелері бойынша жыл сайын жүзеге асырылады.

2.4. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін үйлестірушінің жалпы жүктемесі қоғамдық жұмыс болып саналады.

2.5. Үйлестіруші профессорлық-оқытушылық құрам қатарынан тағайындалады.

2.6. Үйлестіруші екіден көп емес білім беру бағдарламасына басшылық жасай алады (бакалавриат және магистратура бағдарламаларына басшылық етуді қоса атқаруға жол беріледі). Үйлестіруші, әдетте, проректорлар, факультет деканы, кафедра меңгерушілері бола алмайды.

2.7. Үйлестіруші академиялық Комитеттің төрағасына немесе білім беру бағдарламасын іске асыруға жауапты өзге бөлімшенің басшысына тікелей бағынады.

| | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі |  | Министерство культуры и спорта Республики Казахстан |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы | | Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства» |

2.8. Үйлестіруші білім алушылардың академиялық мүдделерін білдіреді және оқу процесін ұйымдастыру бойынша барлық қажетті ақпараттық материалдарды дайындауға қатысады, оларды білім алушыларға ұсынады және оқытудың барлық кезеңіне жеке оқу жоспарын жасауға және түзетуге жәрдемдеседі.

2.8. Үйлестіруші болып үлкен кәсіби тәжірибесі бар, білім алушының білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесінің құрылымын жақсы білетін бітіруші кафедраның оқытушысы тағайындалады.

2.9. Үйлестіруші білім алушының ЖОЖ (Жеке оқу жоспарына) енгізілген арнайы пәндер саласындағы қажетті ғылыми ой-өрісін иеленуі, корпоративтік және кәсіптік этика қағидаларын басшылыққа ала отырып, ПОҚ-мен және білім алушылармен қарым-қатынасты сақтауы, өз жұмысына шығармашылықпен қарауы тиіс.

2.10. Үйлестіруші білім алушының барлық оқу кезеңі ішінде ұйымдастырушылық-әдістемелік және консультациялық жұмыстар жүргізеді.

2.11. Үйлестірушінің қызметі оқуға адал көзқарасты қалыптастыруға, студенттерді қоғамдық жұмысқа тартуға, топта психологиялық жайлылық атмосферасын құруға жәрдемдесуге бағытталуы керек.

2.12. Үйлестіруші білім алушыларға оқытудың жеке траекториясын қалыптастыруға және білім беру бағдарламасын меңгеруге көмек көрсетеді.

2.13. Үйлестіруші сондай-ақ білім алушыға болашақ мансап мәселелерін шешуге, ғылыми зерттеу бағытын анықтауға, ғылыми жетекшіні таңдауға, бітіру біліктілік жұмысы тақырыбына, кәсіптік практика базасын анықтауға көмек көрсете алады.

3. Үйлестіруші қызметінің функциялары мен көрсеткіштері

3.1. Үйлестіруші ББ әзірлеу үшін профессорлық-оқытушылық құрамнан, сондай-ақ, бағдарламаны іске асыруға қатысатын бөлімшелердің қызметкерлерінен тұратын, сондай-ақ сыртқы мамандарды тартатын білім беру бағдарламасын әзірлеушілер ұжымын қалыптастырады.

3.2. Үйлестіруші білім беру бағдарламасының мазмұнын айқындайды: Оқыту нәтижелері, бағдарлама модульдерінің құрамы, жеке траекторияларды қалыптастыру қағидалары.

3.3. Жалпы университеттік Модульдер бөлігінде Үйлестіруші университеттің академиялық саясатында белгіленген қағидаларға сәйкес каталогтан (ЭПК) білім беру бағдарламасында пайдалану үшін модульдерді (пәндерді) таңдауды жүзеге асырады.

3.4. Қалған модульдер бөлігінде Үйлестіруші білім беру бағдарламасының модульдеріне қойылатын талаптарды айқындайды, желілік

| | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі |  | Министерство культуры и спорта Республики Казахстан |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы | | Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства» |

нысанда білім беру бағдарламасының бөліктерін іске асыру үшін сыртқы әріптестерді таңдауды жүзеге асырады, тәуелсіз бақылау нысаны туралы, Жергілікті нормативтік актілерге сәйкес модульдерді қайта есепке алу / қайта аттестаттау мүмкіндігі туралы шешімдер қабылдайды.

3.5. Үйлестіруші білім беру бағдарламасының мазмұнын айқындау кезінде білім беру бағдарламасын іске асырудың тиімділігін басқаруды жүзеге асырады, білім алушылардың оқу жүктемесін және профессорлық-оқытушылық құрам санын оңтайландыру қағидаттарын басшылыққа алады, білім алушылар мен оқытушы жұмысының тиімділігін арттыратын білім беру технологияларын меңгеруде профессорлық-оқытушылық құрам санының білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысушыларға көмек көрсетеді және ынталандыруды жүзеге асырады.

3.6. Үйлестіруші ББ-ны, жұмыс оқу жоспарын, элективті пәндер каталогын әзірлеу, келісу және жетілдіру бөлігінде ББ-ны оқу-әдістемелік сапасын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

3.7. Үйлестіруші білім алушыларға әрбір оқу жылының әрбір семестріне білім беру траекториясын жоспарлауға; пәндерді таңдау кезінде шешімдер қабылдауға; бүкіл университет көлемінде оқу процесіне бағдарлануға және бейімделуге; білім алушының болашақ кәсіптік бағдарлануын қалыптастыруға көмек көрсетуге тиіс.

3.8. ББ үйлестірушісі модуль бойынша оқыту нәтижелері бөлігінде университет белгілейтін жалпы университеттік модульдерге қойылатын талаптарды қалыптастыруға қатысады.

3.9. ББ үйлестірушісі бағдарлама бойынша тұтастай және жекелеген модульдер мен пәндер бойынша, оның ішінде білім алушылармен, әлеуетті жұмыс берушілермен кері байланысты және профессор-оқытушылар құрамының санын қолдау арқылы білім алушыларды даярлау сапасына мониторингті жүзеге асырады.

3.10. ББ үйлестірушісі ББ туралы ақпараттық материалдардың мазмұнын дайындауды жүзеге асырады және оларды университет сайтында және баспа өнімдерінде, оның ішінде сайт беттерінде шет тілінде ұсыну үшін орналастыруды бақылайды, ББ-ны ақпараттық қолдауға, белсенді ілгерілетуге бағытталған ақпараттық-жарнамалық және өзге де іс-шараларды ұйымдастырады.

3.11. ББ үйлестірушісі білім беру бағдарламасына іріктеуді жоспарлауды жүзеге асырады, бакалавриат бағдарламаларына түсушілердің білім беру бағдарламасының құны және ҰБТ-ның ең төменгі балы бойынша ұсыныстар қалыптастырады, институттың іріктеу комиссиясының жұмысына қатысады.

| | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі |  | Министерство культуры и спорта Республики Казахстан |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы | | Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства» |

3.12. ББ үйлестірушісі бітірушілерді даярлауды жетілдіру, жұмыс берушілерді білім беру бағдарламасын әзірлеуге және іске асыруға тарту, жұмыс берушілердің талаптары мен қажеттіліктерін ескеретін оқытудың жеке траекторияларын қалыптастыру үшін модульдер құру үшін жұмыс берушілер тарапынан бірлесіп қаржыландыруды тарту мақсатында жұмыс берушілердің өкілдерімен өзара іс-шараларды ұйымдастырады.

3.13. ББ үйлестірушісі кафедра меңгерушілерімен бірлесіп мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы мен құрамы бойынша ұсыныстар қалыптастырады.

3.14. ББ үйлестірушісі ББ түлектеріне жұмысқа орналасуға жәрдемдеседі.

3.15. ББ үйлестірушісі ББ басқа басшыларымен бірлесіп, университеттің қолданыстағы білім беру саясатына сәйкес білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын әзірлейді.

3.16. Үйлестіруші білім алушылардың үлгерімі мәселесін оқытушылармен талқылауы, сондай-ақ өз білім алушыларының ата-аналарымен немесе туыстарымен байланыс орнатуы тиіс.

4. ББ үйлестірушісінің құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі

4.1. ББ үйлестірушісі өзіне жүктелген функцияларды орындау үшін және қызметтің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу мақсатында құқылы:

- университеттің барлық бөлімшелерімен, сондай-ақ ББ іске асыру бойынша университеттің сыртқы серіктестерімен өзара әрекеттесу;
- профессор-оқытушылар құрамының өкілдері өз міндеттерін орындамаған жағдайда тәртіптік жаза қолдану, білім беру бағдарламасын іске асыруға қатысатын оқытушыларды құрамнан шығару жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

4.2. ББ үйлестірушісі құқылы:

- барлық пәндер бойынша ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау жүргізу ережелерінің сақталуын тексеру;
- өзіне бекітілген білім алушылардың үлгерімін бақылау;
- білім алушыларға ұсыну үшін кафедралардан элективті пәндер саны және олардың сипаттамасы туралы толық ақпарат алуды талап ету;
- жетекшілік ететін білім алушыларға қатысты барлық мәселелерді талқылауға қатысу;
- оқу-әдістемелік жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді.

4.3. ББ үйлестірушісі өз функцияларын орындауға жауапты:

| | | |
|------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі |  | Министерство культуры и спорта Республики Казахстан |
| «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы | | Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства» |

- білім алушыларды университеттің кредиттік технологиясымен, академиялық өмірімен, таңдаған білім беру бағдарламасының мүмкіндіктерімен уақтылы таныстыру;

- білім алушыларға элективті курстарды сапалы ұсынғаны үшін;

-білім алушыларды элективті пәндерге уақтылы (академиялық күнтізбеге сәйкес) тіркеу және білім алушылардың жеке оқу жоспарларын қалыптастыру ;

- өзекті элективті курстарды әзірлеуде білім алушылар мен жұмыс берушілердің қажеттілігін зерттеу арқылы кафедраның және әрбір білім алушының байланысын қамтамасыз ету үшін;

- оқу үдерісін ұйымдастыру бойынша барлық қажетті баспа материалдары мен ақпараттарды ұсыну арқылы ОУҰБ-ның бас маманының және әрбір білім алушының байланысын қамтамасыз ету үшін;

4.4. ББ үйлестірушісінің қызметін бақылауды академиялық комитеттің құрамы жүзеге асырады.